БЕКІТЕМІН
Мектеп директоры ААхметова
«2» 09 2024 ж.

2024–2025 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРҒА АРНАЛҒАН КІТАПХАНАНЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

Мақсаты: бастауыш сынып оқушыларының кітап оқуға қызығушылығын арттыру, оқырмандық мәдениетін қалыптастыру, кітапхана қорын оқу-тәрбие үдерісінде тиімді пайдалану және ақпараттық сауаттылығын дамыту.

Міндеттері: оқушыларды кітапханаға тарту; көркем әдебиетті насихаттау; оқулықтарды ұқыпты ұстауға үйрету; кітап оқу дағдысын қалыптастыру; мұғалімдер мен ата-аналарға әдістемелік қолдау көрсету; оқушылардың жас ерекшелігіне сай іс-шаралар өткізу.

№	Жұмыс мазмұны	Өткізу мерзімі	Жауапты
1	Кітапхана жұмысын жаңа оқу жылына жоспарлау, өткен жылғы жұмысты саралау.	1.08-29.08.2024ж	Сынып жетек
2	Бастауыш сынып оқушыларын кітапхана ережелерімен және кітап қорымен таныстыру.	2.09.2024ж	Сынып жетек
3	«Балалар әлемі» кітап көрмесі	18.10.2024ж	Сынып жетек
4	«Ертегімен бірге өсеміз» атты кітап оқу марафоны	13.11.2024ж	Сынып жетек
5	«Қыста кітап оқимыз,жадымызға тоқимыз» 1-4 сыныптар кітап оқу арқылы сурет салу	14.01.2025ж	Сынып жетек
6	«Мен оқыған ертегі» аясында кітап оқу сағаты	22.04.2025ж	Сынып жетек
7	Ата-аналарға балалардың кітап оқуын қолдау жөнінде кеңес беру.	Жыл бойы	Сынып жетек

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: Кітапхана жұмысын жаңа оқу жылына жоспарлау және өткен жылғы жұмысты саралау

Күні: 01.08.2024 жыл

2024–2025 оқу жылына дайындық барысында мектеп кітапханасының жаңа оқу жылына арналған жұмысын жоспарлау және өткен оқу жылында атқарылған жұмыстарды саралау жұмыстары жүргізілді.

Өткен оқу жылындағы кітапхана жұмысының нәтижелері талданып, оқушылардың оқулықтармен қамтамасыз етілуі, кітапхана қорын пайдалану жағдайы, оқырмандармен жүргізілген жұмыстар және кітап оқуды насихаттау бағытындағы іс-шаралар қарастырылды.

Өткен жылғы жұмыстарды саралау нәтижесінде кітапхана қызметін одан әрі жетілдіру, оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, кітапхана қорын тиімді пайдалану және оқырмандар санын көбейту қажеттілігі анықталды.

Жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарына сәйкес оқулықтарды тарату және есепке алу, кітап қорының сақталуын бақылау, көркем әдебиеттерді насихаттау, кітап көрмелерін ұйымдастыру, атаулы күндерге арналған іс-шаралар өткізу және оқушылардың оқу мәдениетін қалыптастыру міндеттері енгізілді.

Сонымен қатар, сынып жетекшілерімен бірлесе отырып, оқушылардың кітапханаға тұрақты қатысуын қамтамасыз ету, оқулықтарды күтіп ұстау ережелерін сақтау және кітап оқуға баулу жұмыстары жоспарланды.

Қорытынды: Өткен оқу жылындағы кітапхана жұмысына талдау жасалып, жаңа оқу жылына арналған негізгі міндеттер айқындалды. Кітапхана жұмысын жүйелі ұйымдастыру, кітап қорын сақтау және толықтыру, оқушылардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру бағытындағы жұмыстарды жалғастыру көзделді.

Мектеп директоры А.Ахметова

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: Бастауыш сынып оқушыларын кітапхана ережелерімен және кітап қорымен таныстыру

Күні: 02.09.2024 жыл

2024 жылғы 2 қыркүйекте бастауыш сынып оқушыларын мектеп кітапханасымен, кітапхана ережелерімен және кітап қорымен таныстыру мақсатында түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Іс-шара барысында оқушыларға кітапхананың маңызы, кітапханаға келу тәртібі, кітаптарды алу және уақытында қайтару ережелері түсіндірілді. Сонымен қатар, кітаптарды таза ұстау, парақтарын жыртпау, кітапқа жазбау, бүктемеу және ұқыпты пайдалану қажеттігі айтылды.

Оқушылар кітапхана қорындағы оқулықтармен, ертегілермен, балаларға арналған көркем әдебиеттермен, танымдық кітаптармен және энциклопедиялармен танысты. Кітаптарды дұрыс таңдау, қажетті әдебиетті табу және кітапханашының көмегіне жүгіну жолдары көрсетілді.

Таныстыру барысында оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға, кітапқа деген сүйіспеншілігін қалыптастыруға және кітапхана мәдениетін сақтауға ерекше назар аударылды.

Қорытынды: Оқушылар кітапхана ережелерімен танысып, кітап қорын пайдалану тәртібі туралы түсінік алды. Кітаптарды күтіп ұстау және кітапхана ережелерін сақтау қажеттігін түсінді.

Мектеп директоры А.Ахметова

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: Кітапхананың жылдық жоспарына сәйкес «Балалар әлемі» тақырыбында кітап көрмесі

Күні: 18.10.2024 жыл

Қатысушылар: 1-4 сынып оқушылары – 25 оқушы

Мақсаты: Бастауыш сынып оқушыларын кітап оқуға баулу, балалар әдебиетімен таныстыру, оқуға деген қызығушылығын арттыру.

Атқарылған жұмыстар:Кітапхананың жылдық жоспарына сәйкес «Балалар әлемі» тақырыбында кітап көрмесі ұйымдастырылды.

1. Көрмені ұйымдастыру:

Көрме 3 бөлімнен тұрды:I бөлім «Ертегілер әлемінде» – «Алдар көсе», «Қожанасыр», «Мақта қыз», «Бауырсақ», «Қызыл телпек» ертегілері;II бөлім «Өлең - сөздің патшасы» – Мұзафар Әлімбаев, Қастек Баянбаев, Серікбол Хасанның балаларға арналған өлеңдері;III бөлім «Танымдық кітаптар» – «Жануарлар әлемі», «Не? Қайда? Қашан?», «Әліппе-ертегі» энциклопедиялары.Барлығы 18 дана кітап қойылды.

2. Өткізу барысы:Әр бөлімдегі кітаптарға қысқаша шолу жасалды.2-сынып оқушылары «Бауырсақ» ертегісін сахналап, рөлге бөліп оқыды.3-сынып оқушылары жұмбақтар жасырып, өлеңдерін жатқа айтты.Оқушыларға «Ең сүйікті ертегім» тақырыбында сурет салу тапсырылды.

3. Қорытынды:Көрме қызықты әрі мазмұнды өтті. Бастауыш сынып оқушыларының кітапқа деген қызығушылығы артты. Көрмеден кейін 8 оқушы кітапханадан өздеріне ұнаған ертегі кітаптарын алып оқуға жазылды.

Оқу- тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.Бодық

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Ертегімен біз өсеміз» атты кітап оқу марафоны

Күні: 13.11.2024 жыл

2024 жылғы 13 қарашада оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, ертегілер арқылы балалардың дүниетанымын кеңейту және адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру мақсатында «Ертегімен біз өсеміз» атты кітап оқу марафоны ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында оқушылар қазақ халық ертегілерімен және әлем халықтарының ертегілерімен танысты. Ертегілердің мазмұны оқылып, кейіпкерлердің іс-әрекеттері талқыланды. Оқушылар ертегі кейіпкерлерінің жақсы және жаман қасиеттерін ажыратып, өз ойларын ортаға салды.

Кітап оқу марафонының барысында балалардың мәнерлеп оқу дағдыларын дамытуға, сөздік қорын молайтуға, қиялын ұштауға және кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыруға ерекше көңіл бөлінді. Сонымен қатар, оқушыларға кітапты күтіп ұстау, бос уақытында кітап оқумен айналысу және ертегілерден өнеге алу қажеттігі түсіндірілді.

Іс-шара оқушылардың белсенді қатысуымен өтіп, балалардың ертегі оқуға деген ынтасын арттыруға ықпал етті.

Қорытынды: «Ертегімен біз өсеміз» атты кітап оқу марафоны өз мақсатына жетті. Оқушылар ертегілер арқылы жақсылыққа ұмтылу, адалдық, достық және мейірімділік сияқты құндылықтардың маңызын түсінді. Кітап оқуға деген қызығушылықтарын арттыруға мүмкіндік жасалды.

Бірлестік жетекшісі Н.Оспанова

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз» атты кітапоқуарқылы сурет салу іс-шарасы

Мерзімі:14.01.2025 жыл

2025 жылғы 14 қаңтарда 1–4-сынып оқушылары арасында оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және оқыған шығармаларын есте сақтау мақсатында «Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз» атты іс-шара ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында оқушылар қысқы демалыс кезінде оқыған ертегілері мен балаларға арналған шығармаларының мазмұнын еске түсіріп, өздеріне ұнаған кейіпкерлері мен оқиғаларын сурет арқылы бейнеледі. Оқушылар оқыған шығармалары бойынша суреттер салып, өз жұмыстарының мазмұнын түсіндіріп берді.

Шара барысында балалардың қиялын дамытуға, есте сақтау қабілетін жетілдіруге, ойлау және сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінді. Сонымен қатар, кітап оқу мен бейнелеу өнерін ұштастыру арқылы оқушылардың шығармашылық белсенділігін арттыру көзделді.

Оқушылар белсенділік танытып, өздерінің салған суреттері арқылы кітап мазмұнын жеткізе білді. Іс-шара балалардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттырып, бос уақыттарын пайдалы өткізуге ынталандырды.

Қорытынды: «Қыста кітап оқимыз, жадымызға тоқимыз» атты іс-шара өз мақсатына жетті. Оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығы артып, шығармашылық қабілеттері мен есте сақтау дағдыларын дамытуға мүмкіндік жасалды.

Бірлестік жетекшісі Н.Оспанова

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: Ата-аналарға балалардың кітап оқуын қолдау жөнінде кеңес беру

Өткізілу мерзімі: Жыл бойы

Оқу жылы барысында ата-аналарға балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру және отбасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру мақсатында кеңес беру жұмыстары жүргізілді.

Ата-аналарға баланың кітап оқуға деген ынтасын арттыруда отбасының рөлі зор екені түсіндірілді. Балаларға жас ерекшеліктеріне сәйкес кітаптар таңдау, күнделікті кітап оқуға уақыт бөлу, оқыған шығармаларының мазмұнын бірге талқылау және кітап кейіпкерлерінің іс-әрекеттері туралы пікір алмасу жөнінде ұсыныстар берілді.

Сонымен қатар, ата-аналарға балаларына ертегілер мен танымдық әдебиеттерді оқып беруге, кітапханаға бірге баруға, кітап сыйлауға және баланың кітап оқудағы жетістіктерін қолдап отыруға кеңес берілді. Баланы кітап оқуға мәжбүрлемей, оның қызығушылығына сай әдебиеттер ұсынудың маңыздылығы атап өтілді.

Жыл бойы ата-аналарға балалардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру, телефон мен теледидарды пайдалануды реттеу және кітап оқуды күнделікті әдетке айналдыру жөнінде түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Қорытынды: Ата-аналарға балалардың кітап оқуын қолдау бойынша қажетті кеңестер берілді. Отбасында кітап оқу мәдениетін қалыптастыру, балалардың оқырмандық белсенділігін арттыру және кітапқа деген сүйіспеншілігін дамыту бағытындағы жұмыстарды тұрақты жалғастыру ұсынылды.

Оқу- тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.Бодық

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: «Мен оқыған ертегі» аясында кітап оқу сағаты

Мерзімі: 22.04.2026 ж.

Ұйымдастырушы: Кітапхана меңгерушісі, бастауыш сынып мұғалімдері

Қатысушылар: 2-3 сынып оқушылары – 30 оқушыМақсаты: Оқушыларды ертегі оқуға баулу, ертегі кейіпкерлері арқылы адамгершілікке, адалдыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу, оқу сауаттылығын арттыру.Атқарылған жұмыстар:«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында кітап оқу сағаты ұйымдастырылды.

1. Ұйымдастыру кезеңі:

Кітапханада «Ертегілер елінде» бұрышы жасалып, қазақ халық ертегілері мен әлем халықтарының ертегілері қойылды .

2. Негізгі бөлім:

Оқушылар алдын ала оқып келген ертегілерін айтып берді:

2 «А» сыныбы – «Мақта қыз бен мысық»2 «Ә» сыныбы – «Алдар көсе»3 «А» сыныбы – «Қырық өтірік»3 «Ә» сыныбы – «Тазша бала»Әр ертегіден кейін кітапханашы:«Бұл ертегі несімен ұнады?»«Ертегіден қандай тәрбие алдың?»«Жақсы мен жаман кейіпкерді ажырат» – деген сұрақтар қойып, оқушылармен талдау жүргізді.3. Қорытынды бөлім:

Белсенді қатысқан оқушылар марапатталып, «Ертегілерді сүйіп оқимын» атты сурет көрмесі ұйымдастырылды. Оқушылар өздері оқыған ертегі бойынша сурет салды.Қорытынды:Оқу сағаты өте қызықты өтті. Оқушылар ертегінің тәрбиелік мәнін түсініп, кітап оқуға деген ынталары артты. Осындай оқу сағаттарын апта сайын өткізу жоспарлануда.

Оқу- тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.Бодық